

Бүгінгі жастарды Абай атамыз айтқандай, ғылымға, білімге, өнерге баулу әрі «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетің тап та бар қала» демекші, белгілі кәсіп иесі болып, өмірде өз орнын таба білуге бағыттау маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған орай облыстағы ірі білім шаңырағының бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 11 институт құрылған. Соның ішінде Жаратылыстану педагогикалық институтында 89 оқытушы-профессорлардың 8-і ғылым докторлары мен профессорлар, 40-ы ғылым кандидаттары мен доценттер, магистрлер, оқытушылар қызмет атқаруда.

Институтта маман кадрлар даярлау саласын жан-жақты жетілдіру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Оның кепілі ретінде жүйелі негізде іске асырылған бірқатар оң нәтижелі іс-шараларды тізіп айтуға болады. Олардың қатарында оқу үрдісіне модульдік рейтинг жүйесінің ендірілуі, жаппай кредиттік оқу технологияларына көшу, оқу үрдісінің мазмұнындағы сабақтардың барлық түрінде белсенді және интерактивті оқу әдістерін кең түрде пайдалану, ақпараттық оқу технологиясын жан-жақты пайдалану негізінде сабақтар жүйесінің тиімділігін арттыру, нарықтық қатынастар талаптарынан туындайтын түрлі өндіріс орындары мен екі жақты келісім-шарт тұзу және олардың базаларында іс-тәжірибелер өткізу шаралары бар.

## ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА



Университет ТМД және Еуроодақ елдерінің белгілі ғылыми мектептерімен тығыз байланысты дамытуда. Әсіресе Ұлыбритания, Грекия, Германия, Испания, Чехия, Түркия, Қытай елдері ғалымдарымен білім беруді дамытудағы проблемалар бойынша бірлескен жоба жасалған.

Сабақтан тыс кездері студенттер ақпараттық білім беру орталығында (кітапханада), электронды ресурстық орталықта электронды пошта, Интернет, мультимедия қоры, электрондық оқулықтарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар университетте педагогикалық мамандықтар бойынша сырттай оқу бөлімінде қашықтықтан оқыту технологиясына сай жоғары білікті маман даярлануда.

Жаратылыстану-педагогикалық институты ұжымын атап өтсек, бұл институт базасында 13 мамандық бойынша мынанан жоғары студент білім алуға. Ондағы педагогикалық мамандықтар: 050109 — Математика, 050110 — Физика, 050111 — Информатика, 050112 — Химия, 050113 — Биология, 050120 — Кәсіптік оқыту (профиль бойынша) дамындайды. Ал фундаменталды ғылымдар саласы негізінде 050604-Физика, 050607-Биология мамандықтары бойынша мамандар даярланады.

Сабақ барысында интерактивті тақта қолданылуда. Қазақстан Республикасындағы 2005-2010 жылдар аралығында білім берудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, білім беретін мектептерде екі жылға созылатын білім берудің II сатысында 11-12 сынып оқушыларының тереңдетілген түрлі профильдер бойынша кәсіпке дейінгі дайындығы жүргізілімек. Олай болса, елімізде жалпы білім беретін мектептерді бітіретін 250-300 мың оқушыны алғашқы кәсіби дайындау ісі бүгіннен бастап шешілуі тиіс. Болашақ еңбек технологиясы мен кәсіпке баулу мұғалімдерін даярлаудың республикамыз бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі М.Әуезов атындағы ОҚМУ базасында жұмыс істейді. 2007 – 2008 оқу жылынан бастап 050120 — Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша болашақ оқытушы мамандарын дайындау, Жаратылыстану-педагогикалық институты құрамындағы Кәсіпке баулу теориясы мен әдістемесі кафедрасының базасында төмендегі мамандандыру бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Атап айтсақ, олар: Автокөліктерді және ауылшаруашылық техникасын пайдалану және жөндеу бағыты бойынша (11-12 сыныптардың ұл балаларын кәсіпке баулу оқытушысы), Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу бағыты бойынша (10-12 сыныптардың қыз балаларын кәсіпке баулу оқытушысы) және Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік бағыты бойынша (5-10 сыныптардың қыз және ұл балаларын еңбек технологиясына баулу мұғалімі).

Елімізде 2007 жылы 21 кәсіби білім беру мекемелері құрылса, биыл және 45 кәсіби лицейлерді салуға 56 миллиард теңге бөлініп отыр. Президенттің «Қазақстан халқының әл-ауқатын аттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...кәсіптік техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, оны іске асыру» тапсырылған. Осыған орай бүгінде ЖОО-да болашақ кәсіптік білім беру оқытушыларын даярлау ісі жандана түсуде.

Университет Елбасының халқымызға Жолдауындағы «Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі күн талаптарына сай педагог мамандарды дайындауға барлық күш-жігерін жұмсауда. Сондықтан да биылғы мектеп бітіруші жастарға айтармыз, егер сен болашақта халықаралық деңгейге сай жоғары білімді маман болғың келсе, онда сені М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде жоғары білім алуға шақырамыз.

И.ОРАЗОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің Жаратылыстану-педагогикалық институтының директоры, физика-математика ғ.к., доцент.

Ю.КАМАЛОВ,

«Кәсіпке баулу теориясы мен әдістемесі кафедрасының» меңгерушісі.

С.ЖОЛДАСБЕКОВА,

педагогика ғ.д., профессор міндетін атқарушы.